✉ zangazet@mail.ru
№12 (3740)
14 ақпан 2025

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚАЗАҚ АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТІП ЖАТЫР?



**Еуропа асып жүрген жерлес көп. Мұхиттың ар жағына барып, АҚШ-тан несібе тапқандар аз емес. Кореяға барып кредитін жапқан қазақ жігіттерін де естіп жатамыз. Мұндағы себеп не? Бар мәселені елдегі жұмыссыздыққа жауып қоюға бола ма? Бір қызығы, бізде жұмыс жоқ не айлық төмен десек те, Қазақстанға қыдырып емес, жұмыс істеу үшін келетін өзге шетелдіктер де көп.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

МІНБЕР

## ЖАҢА ЖОБАЛАР – САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЕМІСІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметіне цифрландыруды жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуді тапсырып: «Қазақстан цифрландыру мен жасанды интеллектіні жедел дамыту аймағына айналуы тиіс, бұл әлемде сапалы жаңа шынайылықтарды қалыптастырады. Бұл – біздің стратегиялық міндетіміз», – деген еді.**

Осы негізгі міндеттер аясында Әділет министрлігі азаматтардың қаржылық және уақыттық шығындарын үнемдей отырып, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған «Digital Justice» жобалар портфелін іске асыруда. Соның ішінде жасанды интеллектіні қолдану қарастырылған.

Бүгінгі таңда заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі – «E-ZanKomegi» жұмыс істеуде, ол халыққа онлайн режимде білікті заң көмегін ұсынуға және алуға арналған. Бұл жүйе азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған. Оған 1 949 адвокат пен заң кеңесшісі қатысуда. 2023–2024 жылдары жүйе арқылы 88 738 іс қаралды, ал порталды 6 749 пайдаланушы қолданды.

Қазіргі уақытта «Құқықтық ақпарат қызметі» операторларымен «Бейнеқоңырау» функциясы іске қосылған, бұл азаматтарға тәулік бойы құқықтық кеңес алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Zan Komegi» мобильді қосымшасында құқықтық кеңес беру бойынша жасанды интеллект элементтері бар чат-бот әзірленіп, тестілеуден өтіп, жетілдірілуде. Жасанды интеллектіні іске асыру мақсатында Әділет министрлігі заң қызметтерін көрсетуге арналған платформаларды әзірлеуге бағытталған IT ұйымдардың өкілдерінен (zan bar, iprav, ҚарМУ, ҚазҰТУ, ҚазҰУ және т.б.) жұмыс тобын құрды.

2024 жылдың тамыз айында Әділет министрлігі Республикалық жеке сот орындаушылар палатасымен бірлесіп, «Робот сот орындаушы» пилоттық жобасын іске қосты. «Цифрлық сот орындаушы» келесі артықшылықтарға ие:

Біріншіден, сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мен оған бару шығындары алынып тасталды, себебі барлық әрекеттер автоматты түрде жүзеге асырылады.

*(Жалғасы 4-бетте)*

IX ҚЫСҚЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ

## БАЙРАҚТЫ БӘЙГЕДЕГІ ОЛЖАМЫЗ ОРТАЙМАСЫН!

**Қытайда өтіп жатқан IX Қысқы Азия ойындарында Қазақстан қазір жалпыкомандалық есепте 4-орында келе жатыр. Бүгінгі таңда жарысқа қатысып жатқан 34 елдің ішінен тек Қытай, Корея, Жапония, Қазақстан, Өзбекстан, КХДР, Тайпей мен Тайланд құрамаларының қоржынында медаль бар.**




Қазақстан бұл байрақты бәсекеге бағдарламадағы 11 спорт түрінің 10-ынан 137 спортшы апарған болатын. Атап айтқанда конькимен жүгіруден -19, шорт-трек, шаңғы жарысы мен керлингтен – он екіден, биатлоннан – 10, тау шаңғы спортынан – 8, фристайлдан – 7, мәнерлеп сырғанаудан – 6, ски-альпинизмнен – 5 және шайбалы хоккейден – 46.

13 ақпанға дейінгі есеп бойынша спортшыларымыз 5 спорт түрі бойынша 3 алтын, 7 күміс, 6 қола жүлдеге ие болды. Атап айтқанда конькимен жүгіруден – 1 күміс, 1 қола; шорт-тректен – 1 алтын, 2 күміс; шаңғы жарысынан – 2 күміс, 2 қола; фристайлдан – 1 алтын, 1 күміс, 2 қола; биатлоннан – 1 алтын, 1 күміс, 1 қола алдық. Бұдан бөлек кеше керлингтен Гонконг спортшыларымен ерлер мен әйелдер арасындағы топтық кезең, ерлер арасында іріктеу кезеңі мен жартылай финал ойындары өтті. Биатлоннан эстафеталық жарыс, шайбалы хоккейден Қытай спортшыларымен әйелдер командасы мен ерлер командасы финалдық ойындар өткізді. Сондай-ақ мәнерлеп сырғанаудан Михаил Шайдоров, Диас Жиренбаев, Софья Самоделкина мен София Фарафонова еркін бағдарлама бойынша сайысқа түсті. Ал бүгін хоккей мен керлингтен ең соңғы медальдар жиынтығы сарапқа салынады. Яғни, құрама қоржынына спортшыларымыз тағы бірнеше медаль саларына күмәніміз жоқ. Бұл еліміздің IX Қысқы Азия ойындарында жалпыкомандалық есептегі 4-орнын сақтап қалуына толық мүмкіндік береді.

2022 жылы Қытайда өткен Қысқы Олимпиада ойындарында жалпыкомандалық есепте Қытай – 3, Жапония – 12, Корея – 14 орын алған болатын. Сол себепті бұл жарыста Қазақстанның үздік үштікке кіре алмауы кейбір жанкүйерлер айтып жатқандай спорттағы көрсеткішіміздің кері кеткені деу қате тұжырым.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

5-бет



**Аралдың ахуалы қайтсе түзелмек?**

6-бет



**Жас ерекшелігі жауаптылықтан босатпайды**

8-бет

**Сынбас семсер**



АСЫЛ ҚАЗЫНА

**Елімізде тіл мәселесі Тәуелсіздік алған жылдардан бері өзекті болып келеді. Қазақ тілінің қоғам үшін нағыз қажетті тілге айналуы үшін көптеген шаралар жасалып жатыр.**

# ҚАЖЕТТІЛІК АРТСА ҚОЛДАНЫС КЕҢЕЙЕДІ



Сарапшылар қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі артып келе жатқанымен, қолданылу аясына қатысты мәселелер бар екенін айтады. Демек, алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру қажеттілігі сезіліп отыр. Осы орайда айта кетер жайт, көп жағдайда қазақ тіліндегі ақпараттардың түсініксіздігі, қолжетімсіздігі, қолданыс аясының төмендігі халықтың мүмкіндігінше орыс тілінде білім алып, ресми тілде сөйлеуіне ықпал етіп жатады.

Сондықтан алдағы уақытта халықтың қазақ тіліндегі ақпаратқа қолжетімділігін арттырып, қазақ тілді контенттердің де сапасын көтеру міндеті тұр. Көп жағдайда қазақ тіліндегі халыққа ұсынылатын келісімшарттардың, құжаттардың қазақ тіліндегі аудармасының талапқа сай болмауы қазақстандықтарды өз тілінен өзі жеруіне ықпал етіп отыр.

Мамандар қазіргі уақытта қазақ тілін көпшіліктің қолданыс тіліне айналдыруы үшін мемлекеттік тілдегі ақпараттардың мол болуына ғана емес, сапалы болуына назар аударуға шақырып отыр. Бірнеше жылдан бері еліміздің сот отырыстарында да қазақ тілі кеңінен қолданылып келеді. Тараптардың тіл білмеуіне қатысты мәселе туындаған жағдайда аудармашы беру немесе талап арызды қай тілде жазса сот отырысын сол тілде өткізу секілді мүмкіндіктердің берілуі халықтың тілге қатысты құқығы бұзылмауын қамтамасыз етіп отыр. Сот саласындағы құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқасының да барынша түсінікті, сапалы дайындалуына жағдай жасалып жатыр.

Егер еліміздің барлық саласы, мемлекеттік органдары еліміздегі қазақ тілді тұрғындардың құқығы бұзылмауына, қазақ тілінің қолданыс аясының өсуіне барынша тырысса алдағы уақытта ана тіліміздің де тұғыры биіктей беретініне сенім мол!

Соңғы жылдары елімізде қазақ тілді мектептер мен балабақшалардың көбеюі де қазақ тілін қолданушылар санын арттырып отыр. Салыстырмалы түрде қарасақ қазақ тіліндегі әншілердің он мыңдаған стадиондарды толтыра алуы да жастардың қазақ тіліне деген ынтасын байқатады. Теледидарда да қазақ тіліндегі бағдарламалардың саны артуы, мемлекеттік органдардың құжаттарын қазақшалай бастауы жалпы қоғамның қазақ тіліне деген бетбұрысын байқатады. Демек алдағы уақытта тіл мәселесі шешілер деген үміт зор!

**Жандос САТАНОВ,**
**Ақтөбе қалалық сотының судьясы**

**Баспасөз – 2025**

## Құрметті оқырман!

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

**«Заң газеті»**

*жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921*

zanreklama@mail.ru

## ӘРТҮРЛІ

10. Алматы облысы Қарасай аудандық сотында Орманов Александр Робертовичтің (30.01.1975 ж.т.) Өзбек КСР-інде туған Орманов Роберт Жақсыбаевичті қайтыс болды деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қаралуда. Орналасқан жері: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Көксай ауылы, Жас Ұлан көшесі, 25. Орманов Роберт Жақсыбаевич туралы қандай да бір мәліметі бар азаматтар болса сотқа немесе 87089117407 нөміріне хабарласуын сұраймыз.

11. Алматы қаласы Жетісу аудандық сотында Климива Елена Геннадьевнаның өтініші негізінде 1981 жылғы 17 қазанда туған Исыпов Андрей Юрьевичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қаралуда. Бұрынғы тұрғылықты мекенжайы: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Матросова көшесі, 133-үй.

Исыпов Андрей Юрьевич туралы қандай да бір мәлімет білетін азаматтардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Жетісу аудандық сотына хабарласуын сұраймыз. Мекенжай: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 286. Байланыс телефондары: 3331276, 87479585476.

15. Қостанай облысының СМЭ сотының 2025 жылғы 11 ақпандағы анықтамасына сәйкес «Аягөз» ЖШС-не (БСН 990440006929, Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қособа ауылы) оңалту рәсімі бойынша іс қозғалды. Өтініштер Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 70-үй мекенжайы бойынша қабылданады.

26. «Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - Серіктестік), (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік Басқармасының шешімі негізінде 2025 жылғы 19 наурызда11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2025 жылғы 19 наурызда жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2025 жылғы 18 наурыздағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі:

2024 жылғы «Шығыстүстімет» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту;

«Шығыстүстімет» ЖШС қызметінің қорытындылары бойынша таза табысты үлестіру.

Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2025 жылғы 30 сәуірде 11 сағат 00 минутта.

Серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

27. Қарағанды қаласы Казыбек би ауданының №2 аудандық сотында Шляпин Сергей Владимировичтің (20.06.1971 жылы туған, мекенжайы: Қарағанды қаласы Қ. Аманжолов көшесі, 23-үй, 32-пәтер) - өлімін растау үшін Лю-Дян-Ян Анастасия Сергеевнаның арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Жергілікті тұрғындарда Шляпин Сергей Владимирович туралы мәліметтер болса, аудандық сотына бұл туралы жарияланған күннен бастап,3 айдың ішінде хабарласуын сұраймыз. Тел: 87474017873. Анастасия.

## ТАРАТУ

5. «Шамс & Камар» ЖШС-нің (БСН 211140007224) 03.02.2025 ж. Хаттамалық шешімімен тарату туралы шешім қабылданды. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 115А үй, пошта индексі 070000, тел. 87779966575.

7. «Атырау облыстық «Ұлттық спорт түрлері» федерациясы» қоғамдық бірлестігі, (БСН 160340010712) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, М.Әуезов даңғылы, 65, тел. 87472170746. Балабаев Ерболат (Федерация маманы).

8. «Казахстанский центр медиации» жеке мекемесі (БСН 111040010507) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 221-үй, 10-кеңсе, тел.87013563562.

9. «Жынгылды-2023» ӨнК (БСН 231040038724) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Жыңғылды ауылы, Құлыш көшесі, 22-үй.

12. Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 5 ақпандағы №20 қаулысына сәйкес «Дом дружбы» района Самар Восточно-Казахстанской области» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230240030868) таратылуда. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Мекенжайы: ШҚО, Самар ауданы, Самар ауылдық округі, Самар ауылы, Букетов көшесі, 68-үй.

14. «Антехприбор» ЖШС (БСН 100140011396) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Парижской Коммуны көшесі, Декабристов көшесі, 45/26-үй.

17. «Әбілхан24» ЖШС (БСН 240640002195) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы, Жаңа қоныс көшесі, 56-ғимарат. Тел. 8 705 689 35 69.

18. «ҚАРАСАЙ-2020» өндірістік кооперативі (БСН 200840031743) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қызылқайнар ауылдық округі, Жасөркен ауылы, Жасөркен көшесі, 60-үй.

19. «NJK Invest» ЖШС-і (БСН 171040022591) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, М.Ғабдуллин көшесі, 9-үй, 6-пәтер, пошта индексі 160500.

20. «VozoVoz Казахстан» ЖШС (БСН 220340028828) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Серіктестіктің алдында міндеттемелері бар кредиторлар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша өз талаптарын мәлімдей алады: Алматы қаласы, Іле тас жолы, 11-үй., тел. 87717419100.

21. «Аренда СпецТехник» ЖШС (БСН 190940022169) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Зачаганск ауылы, Ақсай көшесі, 1-үй, тел. 87752365071.

22. «ABYLMED PREMIUM» ЖШС (БСН 241140014906) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Қайтпас ықшам ауданы, Амирбеков көшесі, 53-ғимарат, тел. 87088132086.

23. «Rauan-M» ЖШС (БСН 220540047029) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, Өмірзақ ауылы, Рауан тұрғын үй кешені, 583-үй, тел. 87022706380.

24. «АминаФарм» ЖШС (БСН 151040008007) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Семей қаласы, Шмидта, 20, тел. 87051506027.

## МҰРАГЕРЛІК

2. 2024 жылы 8 қарашада қайтыс болған Джолдасов Бахтияр Эркинбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.О. Калдыбаеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 272. Тел. 8 775 214 68 86.

3. 07.08.2024 жылы қайтыс болған Ыбырайым Сұлтан Бәкірұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

4. 10.02.2025 ж. қайтыс болған Нуртаев Батырхан Калдаровичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлерін Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, С.Қожанов көшесі, 31-құрылым, нотариус Г.К. Кобегеноваға хабарласуын сұраймыз. Тел. 87012785558.

6. 2025 жылы 28 қаңтарда қайтыс болған Искаков Сакен Габитовичтің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлерге Қызылорда облыстық нотариаттық аймағының нотариусы Абилова Айгуль Батырхановнаға, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі, 26-үй, 15-пәтер, 87051433571 байланыс нөміріне хабарласу қажет.

16. 2024 жылдың 26 желтоқсанында қайтыс болған Кеунимжаев Азамат Даулетбаевичтің және 2025 жылдың 25 қаңтарында қайтыс болған Наурызбаев Парахат Кахармановичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге мына мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-1 ықшам ауданы, №36/11 үйде орналасқан нотариус Г.О. Абылкасымоваға хабарласуларыңызды сұраймын. Тел. 87071378775.

Жамбыл облысының судьялар қауымдастығы мен ардагерлері облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Досымкулов Рашид Жабыковичке әкесі

**Жабык Досымкуловтың**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады!

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Ұлытау облыстық сотының зейнеткер судьясы

**Жұмағұл Нығыметұлы Шөженовтің**

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.**

**ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,**
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.